

«Кооперативті оқыту әдістері арқылы 7-сынып оқушыларын жаңа ортаға бейімдеп, тұлғааралық қарым-қатынасын арттыру»

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Т.М.Абилова
Абстракт

Бұл іс-әрекетті зерттеу мектепке жаңадан келген оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында жүргізілді. Шымкент қаласы Қаратау ауданы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне оқушылар 7-сыныптан бастап қабылданады. Сондықтан әртүрлі мектептерден, өңірлерден, әлеуметтік топтардан жиналған балалардың жаңа ортаға бейімделіп, бір-бірімен тез тіл табысып кетуі оңай емес. Оқу жылының басында алынған сауалнама нәтижелері жаңадан келген 7-сынып оқушыларының 80%-ына жаңа мектеп ортасына бейімделуде кейбір бағыттар бойынша психологиялық-педагогикалық қолдау қажет екендігін көрсетті.

Оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыру - қазіргі білім беру жүйелерінде кеңінен талқыланатын өзекті мәселелердің бірі. Неге десеңіз, адам әлеуметтік тіршілік иесі болғандықтан, басқалармен өзара әрекетке түсуі, қарым-қатынас орнатуы маңызды. Балалардың бір-бірінен оқшаулануы, бір-бірін түсінісе алмауы, жаңа ортада өзін қолайсыз сезінуі, ынтымақтаса жұмыс жасаудан бас тартуы сыныпта жағымсыз психологиялық ахуал туғызып, баланың оқу мотивациясын төмендетеді. Баланың қоршаған ортасы, әсіресе мектеп пен сыныптағы атмосфера оның тұлғалық қалыптасуы мен жаңа ұжымға сіңісуіне зор ықпал етеді. Себебі сыртқы факторлар баланың ішкі сезімі мен мінез-құлқын қалыптастырады. Баланың бейімделу кезеңінен психологиялық жарақатсыз өтуіне мұғалімнің қолайлы эмоционалды орта қалыптастыруы, қолдау көрсетуі және оқыту әдістерін дұрыс таңдауы маңызды рөл атқарады. Осы орайда «Оқушылардың тең дәрежелі серіктес ретінде бәсекелестікте емес, сенім мен ынтымақтастыққа негізделген ортада білім алуына қандай оқыту стратегиялары көмектесе алады?» деген сұрақ туындайды. Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін және топта бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамытуда кооперативті оқытуға қатысты шетелдік зерттеулердің, соның ішінде David W. Johnson (2000) мен R. E. Slavin (1996) еңбектерінің теориялық және практикалық маңызы айрықша.

Кооперативті оқыту (*Cooperative learning*) – оқушылардың ынтымақтаса жұмыс жасауына және ортақ мақсатқа жету үшін бір-біріне тапсырмаларды орындауға көмектесетін педагогикалық әдіс.

Дэвид және Роберт Джонсондар (2009) кооперативті оқытуды оқушылардың оқу жетістігін ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, тұлғалық және коммуникативтік дағдыларын дамытатын тиімді әдіс ретінде қарастырады.

Славин (1995) жүргізген зерттеулерде ұсынылған кооперативті оқытудың модификациясы топтардың өзара бәсекелестігі арқылы оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығы мен ынтасын арттыратыны айқындалады. Ал Каганның (Kagan, n.d.) кооперативті оқытудың құрылымдық тәсілдеріне негізделген еңбектерінде оқушылардың бірін-бірі бақталас емес, тең серіктес әрі дос ретінде қабылдауына, соның нәтижесінде олардың үйлесімді тұлғааралық қарым-қатынас орнатуына зор мүмкіндік берілетіні атап өтіледі. Топтық жұмыс барысында оқушылар бір-бірімен бәсекелесіп, доминант оқушылар өздерінің бірегейлігін танытуға талпынса, ғалымдар ұсынған кооперативті оқыту әдісі әр баланың жеке жауапкершілігін арттырып, позитивті ортада өзара әрекеттесуіне және оқу үдерісіне тең дәрежеде қатысуына мүмкіндік беретінін тұжырымдайды.

Сингапурдың (2014) оқыту әдістемесін зерттеушілер өз еңбектерінде кооперативті оқыту әдістері оқушылардың ынтымақтастығын арттыруға, топ мүшелерінің барлығын оқу үдерісіне жұмылдыруға, сондай-ақ сын тұрғысынан ойлау мен коммуникативтік дағдыларын дамытуға оң ықпал ететіні туралы қорытынды жасайды.


Кооперативті оқыту әдісінің теориясына сүйеніп, сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай келетін шетелдік педагог-ғалымдардың 2 кооперативті оқыту әдісін 2025-2026 оқу жылының алғашқы тоқсанында тәжірибеге енгіздік. 7С сыныбына Спенсер Каганның құрылымға негізделген «Mix-Pair-Share» әдісі негізінде «Ұлттық құндылықтар» тақырыбында «Көпірді қос» ойыны ұйымдастырылды. Бұл әдіске кішкене өзгерістер енгізілді. Бір-бірімен байланыс орнатпайтын оқушылардың біреуіне сұрақ жазылған, екіншісіне соның жауабы жазылған кеспе қағаздарды үлестіріліп, мақсатты түрде өзара әрекеттесуге, «өз жұбын» табу арқылы диалог құрып, бірлесіп тапсырманы орындауға бағытталған интервенция жүзеге асырылды. Өз сұрағының дұрыс жауабын табу үшін бала бірнеше сыныптасының қасына барып, онымен пікір алмасады. Өз жұбын тапқан соң балаларға екеуіне бірге орындайтын ортақ тапсырма бердім. Мен оқушыларға өлеңге сатылай-кешенді талдау жасау тапсырмасын ұсындым.

Екінші айда «Clock buddies» («Сағат дос») Сингапур әдісі жан-жақты зерттеліп, сабаққа қолданылды. Әр оқушы «сағат циферблаты» бойынша өз достарын тауып, сол уақыттардағы сыныптастарымен кездесіп, 4 түрлі тапсырманы бірлесе орындады. Осылайша, 1 оқушы сыныптағы басқа 4 оқушымен әрекеттесе алды. Әр оқушының 2 ұл және 2 қызбен кездесуі шарт екенін критерий ретінде ұсынылды.

«Mix-Pair-Share» әдісі негізінде өткізілген «Көпірді қос» ойыны барысында оқушылардың эмоциялық белсенділігінің жоғары болғаны соншалық- бір-бірімен тез тіл табыса алды. Бір-бірін оқыту арқылы тапсырмаларды жақсы игерді. Алайда бір-бірінің жұбын іздеген кезде тәртіпті басқару қиын болды. Ал «Сағат дос» әдісін қолданғанда оқушылар белгілі тәртіппен тең құқылы серіктес ретінде жұмыс жасады. Оқушылар бәсекеге емес, сенімге негізделген қарым-қатынас орната білді.

Қолданылған әдістердің оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасының нығаюына қаншалықты ықпал еткенін анықтау мақсатында қайтадан сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бастапқы көрсеткіштермен салыстырылып, оқушылар арасындағы қарым-қатынастың оң динамикасы анықталды. Сыныпта қолдау қажет ететін оқушылардың үлесі 80%-дан 33%-ға дейін төмендеп, көпшілігінің жаңа ортаға бейімделіп, сыныптастарымен тұлғааралық қарым-қатынасы 1-диаграммада көрсетілгендей жақсарды.

Бақылау күнделігі арналып, оқушылардың сыныпшілік қарым-қатынасына жүйелі түрде бақылау жүргізілді. А, В, С деңгейлі оқушылардың іс-әрекеттерінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Оқу жылының басында бақылау нәтижесінде А деңгейлі оқушының тұлғааралық қарым-қатынасы жоғары екендігі, В деңгейлі оқушының кей кездері өз ойын жеткізуде қиналатыны және бастама танытпайтыны, ал С деңгейлі оқушыға арнайы мақсатты қолдау қажет екендігі



1-диаграмма



2-сызба

анықталды. Қолданылған кооперативті оқыту әдістері біртіндеп сыныптың қарым-қатынасын нығайтып, оң нәтижелер алып келді. Атап айтсақ, А деңгейлі оқушылар тұйық оқушыларды ашса, В деңгейлі оқушылар өз ойын ашық айтуды үйренді, ал С деңгейлі оқушылар біртіндеп топтық жұмысқа араласып, кей тапсырмаларда қысқа болса да пікір білдіруге талпынды, сыныптастарымен біртіндеп қарым-қатынас орната бастады. Оқушылардан алынған сұхбат нәтижелері де осы оң динамиканы растайды (2-сызба).

Жалпы алғанда, 3 айлық жұмыс барысында оқушылардың бір-біріне деген сенімі артып, сыныпта жылы, қолдаушы атмосфера қалыптаса бастағаны, ал тұлғааралық қарым-қатынас деңгейінде оң өзгерістер болғаны байқалды.

Қорытындылай келе, мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыруда кооперативті оқыту әдістерін пайдалану жаңадан келген оқушылардың жаңа ортаға тез бейімделіп, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына зор мүмкіндік береді. Бала көп уақытын мектепте өткізетіндіктен, бәсекелестікте емес, сенім мен түсіністікке негізделген ортада тәлім-тәрбие алуына біз, мұғалімдер, барлық оңтайлы жағдай жасауымыз қажет. Себебі айналасындағылардың қолдауы мен жылы қарым-қатынасын сезінгенде ғана баланың мектепке деген оң көзқарасы қалыптасады. (840 сөз)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Johnson, D. W. (2000, January). *Cooperative learning methods: A meta-analysis*. https://www.researchgate.net/publication/220040324_Cooperative_learning_methods_A_meta-analysis
2. Slavin, R. E. (1995, October). *Research on cooperative learning and achievement: What we know, what we need to know*. https://www.researchgate.net/publication/240205147_Research_on_Cooperative_Learning_and_Achievement_What_We_Know_What_We_Need_to_Know
3. Slavin, R. E. (1996). Кооперативное обучение в средних и старших классах. *The Clearing House*, 69(4), 200–204. <http://www.jstor.org/stable/30189163>
4. Johnson, D. W., & Johnson, R. T. (2009). История успеха педагогической психологии: теория социальной взаимозависимости и кооперативное обучение. *Educational Researcher*, 38(5), 365–379. <http://www.jstor.org/stable/20532563>
5. Институт современного образования. (n.d.). *Кооперативное обучение: как организовать работу учеников в группах*. <https://ped.isoedu.ru/about/news/kooperativnoe-obuchenie-kak-organizovat-rabotu-uchenikov-v-gruppakh/>
6. Kagan, S. (n.d.). Kagan, S. (n.d.). *The Structural Approach Cooperative Learning* https://files.ascd.org/staticfiles/ascd/pdf/journals/ed_lead/el_198912_kagan.pdf?utm_source=chatgpt.com
7. Ялышева, А. А. (2014). Сингапурская методика обучения. *Английский язык в школе*, (4), 7–12. https://www.titul.ru/uploads/journal/52/journal_48_07-12.pdf